

Түрік Республикасы Әділет министрлігі делегациясының Қазақстан Республикасына ресми сапарын өткізуге қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 16 қыркүйектегі N 258-ө
Өкімі

Түрік Республикасының Әділет министрі Жәміл Чичек бастаған делегацияның 2005 жылғы 14-18 қыркүйек кезеңінде Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу мақсатында:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына сапарды өткізуге, оның ішінде Түрік Республикасы Әділет министрлігінің делегациясы мүшелерінің (1+6 форматы) қонақ үйде тұруына, тамақтануына 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 1013502 (бір миллион он үш мың бес жүз екі) теңге сомасында қаражат бөлсін.

Премьер-Министр